

Ломбард туралы ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 29 тамыздағы N 314 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 371 Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 2 қыркүйектегі N 332 ~V011786 қаулысымен.

Ереже қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жасалады, ол банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бір түрі болып табылатын ломбардтың құқықтық мәртебесін, құрылуын, қызметін жүзеге асыру және тоқтату тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже ломбард қызметінің жалпы шарттарын, Қазақстан Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) өкілеттігін, ломбардтар құру және қызметін тоқтату тәртібін, олар орындайтын банк операцияларының тізбесін, олардың қызметін реттеу және бақылау ерекшеліктерін белгілейді.

2. Ломбард - банк болып саналмайтын заңды тұлға, ол Ұлттық Банк лицензиясының (бұдан әрі - лицензия) негізінде банк операциялары мен қызметінің мынадай түрлерін жүргізуге:

ломбард операцияларын жүргізуге: депонирленетін өтімді бағалы қағаздар мен жылжымайтын мүлікті кепілге ала отырып қысқа мерзімді кредиттер беруге;

- бағалы металдардан (алтыннан, күмістен, платинадан, платина тобындағы металдардан) жасалған ақшаларды, сондай-ақ бағалы металдардан және асыл тастардан тұратын зергерлік бұйымдарды сатып алуға, кепілге қабылдауға, есебін жүргізуге, сақтауға және сатуға;

- сейф операцияларын жүргізуге: клиенттердің бағалы қағаздарын, құжаттарын және құндылықтарын сақтау бойынша қызмет көрсетуге, бұған қоса сейф жәшіктерін, шкафтарын және үйлерді жалға беруге;

- жалға берушінің жалға беретін мүлкіне жасалған келісімнің (лизингтің) барлық қолданылу мерзіміне меншік құқын сақтай отырып жалға мүлік беруге;

- заң талаптарына сәйкес кепілге салынған мүлікті сатуға құқылы.

3. Ломбард берілетін кредиттерді қамтамасыз ету үшін азаматтардан кепілге олардың меншігіне жататын тек қана жылжымалы мүлікті және депонирленетін

өтімді бағалы қағаздарды қабылдауды жүзеге асыруға құқылы.

4. Ломбардтың ресми мәртебесі заңды тұлғаны ломбард ретінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеумен және Ұлттық Банк лицензиясының болуымен анықталады.

Мемлекеттік тіркеу Ұлттық Банктің ломбард ашуға берген рұқсаты (N 1 қосымша) және мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

5. Ломбардтың қызметі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (жалпы бөлім) K941000_ , "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ , "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Z952155_ , "Шаруашылық серіктестіктері туралы" U952255_ Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарымен (бұдан әрі - Жарлық) және қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына қайшы келмейтін басқа заң актілерімен, сондай-ақ осы Ережемен реттеледі.

6. Ломбард өз қызметін, тек ашық акционерлік қоғамнан басқа, кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда құруына болады және жүзеге асыра алады.

Ломбардтың Қазақстан Республикасы аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар, өкілдіктер және еншілес ұйымдар құруға құқы жоқ.

7. Ұлттық Банк ломбардтарға өзі белгілеген нысанда лицензия беруге уәкілетті Қазақстан Республикасындағы бірден-бір лицензиар болып табылады (N 2 қосымша).

8. Өкіметті, атқарушы органдар мен сот өкіметінен және жарғылық капиталының елу процентінен астамы мемлекет иелігіндегі ұйымдардан басқа, Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес жеке және заңды тұлғалары ломбардтың құрылтайшысы және қатысушысы (акционері) бола алады.

Мемлекет ломбардтың тек уәкілетті органының атынан ғана құрылтайшы немесе қатысушы (акционер) бола алады.

9. Ломбардтың жарғылық капиталының ең аз мөлшерін Ұлттық Банк Басқармасы белгілейді.

Ломбардтың (мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған ломбардтан басқа) жарғылық капиталы тек қана акцияларды сатудан түскен ақшадан немесе құрылтайшылардың жарналарынан қалыптастырылады.

10. Құрылтайшылардың ломбардтың жарғылық капиталына өз капиталы шегінде ақша салуына болады, мұнда басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталының акциялары мен қатысу үлесіне орналастырған олардың активтерін есептен шығарып тастау керек. Ломбардтың жарғылық қорына төлеу үшін кредитке, кепілге алынған ақшаны және өзге де тартылған қаражаттарды пайдалануға тыйым салынады.

11. Қайта құрылған ломбардтың құрылтайшылық құжаттарында жарияланған

жарғылық капиталын оның акционерлері (құрылтайшылары) оны мемлекеттік тіркеген кезде елу процент және лицензия алатын кезге қарай - оны тіркеген күннен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде толық төлеуі тиіс.

II. Ломбард ашуға рұқсат беру туралы өтінішті қарау тәртібі

12. Ломбард құрылтайшылық шарт негізінде (құрылтайшылар саны бірден артық болғанда) құрылады және өзінің құрылтайшылық құжаттары мен Ұлттық Банк берген лицензияға сәйкес іс-әрекет етеді.

Құрылтайшылық құжаттар банк заңдарының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жасалады.

13. Құрылтайшылық шартта қатысушылардың ломбардтан шығу жағдайлары, сонымен бірге өзінің шығуы туралы басқа қатысушылары, 6 ай бұрын ескертуге міндетті екені көрсетілуі тиіс.

14. Ломбардтың құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Ломбард ашуға рұқсат беру туралы өтінішке (өтініш берушінің тұрған жері туралы ақпараттың болуы міндетті) мына құжаттар қоса берілуі тиіс:

а) ломбард құратын құрылтайшылық құжаттар: жарғы, құрылтайшылық шарт (құрылтайшылар саны бірден артық болғанда), жарғыны бекіту және ломбардтың органын тағайындау (сайлау) туралы құрылтайшылар жиналысының шешімі;

б) заңды тұлға құрылтайшыларының құрылтайшылық құжаттары және олардың соңғы есеп беру күніне бухгалтерлік баланстары, заңды тұлға құрылтайшыларының қаржылық жағдайы туралы аудиторлық ұйымының (аудитордың) қорытындысы немесе жеке тұлғалардың салық органдарына берген олардың декларациясында көрсетілген табысының мөлшері туралы анықтама.

Бухгалтерлік баланста (табысының мөлшері туралы анықтамада) құрылтайшылардың жарияланған жарғы капиталын төлеуге ақшасының жеткілікті екені расталуы тиіс;

в) ломбардтың басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) ұсынылатын адамдар туралы мәліметтер (Ұлттық Банк Басқармасы бекіткен (1996 жылғы 29 ақпандағы N 50 қаулы) Банк құруға, қайта құруға рұқсат беру, банк операцияларын және өзге де банк қызметін жүргізуге лицензия беру қайтарып алу, оларды жою және тоқтату, филиалдар ашуға, олардың қосылуына және өкілдіктер ашуға келісім беру, қайтарып алу Ережесіне N 5 Қосымшаның нысаны бойынша), оған мына ұсынымдар қосылмайды:

г) құрылатын ломбардтың егжей-тегжейлі ұйымдық құрылымы;

д) құрылатын ломбард қызметінің түбегейлі жоспарын, бағытын және қызмет

ауқымын айқындайтын бизнес-жоспары, жыл ішіндегі қаржылық перспективалары (алғашқы үш қаржылық (операциялық) жылдағы бюджет, есеп айырысу, пайда мен шығындар шоты), еңбек ресурстарын тарту жоспары;

е) акционерлік қоғам нысанында ломбард құрған жағдайда Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы белгілеген нысан бойынша акция шығару шарттары.

Құрылтайшылар туралы мәліметтер осы Ережеде белгіленген нысандарға сәйкес қоса беріп отырады (N 3 және N 4 қосымшалар).

16. Егер бір немесе одан да көп құрылтайшы Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда, тиісті мемлекеттің мемлекеттік немесе қадағалау органының ол осы тұлғаға Қазақстан Республикасы резиденті ломбардының жарғы капиталына қатысуына рұқсат беретіні туралы жазбаша хабарландыруын немесе тиісті мемлекеттің мемлекеттік немесе қадағалау органының мұндай рұқсат беру құрылтайшының мемлекетінің заңдарында талап етілмейтіндігі туралы мәлідемесін беруі тиіс.

17. Ломбардтың басшы қызметкерлері қайта сайланған жағдайда осы Ереженің 15-тармағының в) тармақшасында көрсетілген құжаттар ломбардтың уәкілетті органы тиісті шешім қабылдағаннан кейін бір ай ішінде Ұлттық Банкке міндетті түрде жіберілуі тиіс.

18. Ломбард Басқармасының Төрағасы және Байқаушы Кеңестің Төрағасы (акционерлік қоғам нысанында ломбард құрғанда) немесе директоры, сондай-ақ бас бухгалтері ломбардтың басшы қызметкерлері болып саналады.

19. Ломбард Басқармасының Төрағасы және Байқаушы Кеңестің Төрағасы немесе директоры лауазымына кандидат тағайындау үшін оның жоғары білімі, ломбардтың бас бухгалтерінің - жұмыс бейініне сай жоғары немесе орта білімі болуы, сондай-ақ олардың заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сот жазасы болмауы міндетті шарт болып табылады. Жарлықтың 20-бабының 3-тармағының в) тармақшасында келтірілген негіздер бойынша адамдарды ломбардтың басшы қызметкері лауазымына тағайындауға болмайды.

20. Ұлттық Банк ломбард ашуға рұқсат беру жөніндегі құжаттарды олардың толық пакетін қарауға берген күннен бастап бір ай ішінде қарайды. Құжаттарды жазбаша ескертулермен қайтарған жағдайда немесе құжаттар пакетінің толық болмауына байланысты оларды қарау мерзімі қайта есептеледі.

21. Мынадай негіздердің кез келгені бойынша ломбард ашуға рұқсат беруден бас тартады:

- а) құрылтайшылық құжаттардың қолданылып жүрген заңдарға сай келмеуі;
- б) ломбард атауының Жарлықпен белгіленген талаптарға сай келмеуі;
- в) ломбардтың жарғылық капиталы мөлшерінің, құрамының және

құрылымының банк заңдарының талаптарына сай келмеуі;

г) ломбард құрылтайшыларының (акционерлерінің) қаржы жағдайының тұрақсыздығы;

д) ломбардтың басшы қызметкерлері лауазымына кандидаттардың осы Ереженің талаптарына сай келмеуі;

е) қайта құрылатын ломбардтың бизнес-жоспарында және өтініш иесі ұсынған өзге құжаттарда:

- алғашқы үш қаржылық (операциялық) жыл өткен соң ломбард қызметінің рентабельді болатынын;

- ломбард тәуекелді шектеу талаптарын сақтауға және басқарудың тиісті құрылымын жасауға ұмтылатынын;

- ломбард өз қызметінің жоспарына сай келетін ұйымдық құрылымы бар екенін;

- ломбард өз қызметінің жоспарына сәйкес есепке алу және бақылау құрылымы бар екенін көрсетпесе.

22. Осы Ереженің 15, 16 және 19-тармақтарындағы талаптарды сақтамаған жағдайда ломбард ашуға рұқсат беруге болмайды.

23. Ұлттық Банк өтініш берушіге қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлайды. Жазбаша хабарландыру ломбард ашуға рұқсат беру туралы өтініште көрсетілген мекен-жайға жолданады.

24. Ломбард ашуға рұқсат беру туралы шешімді Банктік қадағалау департаментіне жетекшілік ететін Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары қабылдайды.

Ұлттық Банк ломбард ашуға берілген (қайтарып алынған) рұқсаттардың есебін жүргізеді.

25. Құрылтайшылар ломбардты мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Ұлттық Банктің ломбард ашуға берген рұқсатын алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей Әділет министрлігіне құжаттарды беруге міндетті.

26. Ломбард ашуға берілген рұқсат Ұлттық Банк ломбардқа лицензия беру туралы шешім қабылданғанға дейін заңды күшін сақтайды.

Ломбард өзіне ломбард ашуға берілген рұқсатты өз еркімен қайтаруға және белгіленген заң тәртібімен басқа ұйым ретінде қайта тіркелуге құқылы.

Ломбард өзіне лицензия берілгенде немесе ломбардтың қызметін тоқтату туралы сот шешім қабылдағанда ломбард ашуға берілген рұқсатты Ұлттық Банкке қайтаруы тиіс.

27. Ұлттық Банк ломбард ашуға берілген рұқсатты осы Ереженің 57-тармағында айтылған негіздер бойынша қайтарып алуы мүмкін.

III. Ломбардқа лицензия беру негіздері мен тәртібі

28. Лицензия алу үшін өтініш-беруші:

- барлық ұйымдастыру-техникалық шараларды орындауы, сонымен бірге Ұлттық Банктің нормативтік талаптарына сай үй мен жабдықтарды дайындауды, сондай-ақ тиісті маман қызметкерлерді жалдауы;

- жариялы жарғылық капиталды төлеуі;

- операциялар жүргізудің жалпы шарттары, ломбардтың ішкі тәртібі туралы Ережені беруі тиіс.

29. Лицензия беру туралы өтінішке қоса Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментінің және Қолма-қол ақшамен және бағалы металдармен жұмыс жөніндегі басқарманың өкілдерінің қатысуымен (немесе олардың тапсырмасымен Ұлттық Банктің филиалдары) белгіленген тәртіппен жасалған, үйдің техникалық дайындығы туралы акті түрінде ресімделген ломбард құрылтайшыларының ұйымдастыру-техникалық шараларды орындауы туралы мәліметтер берілуі тиіс.

30. Осы Ереженің 28-тармағында белгіленген талаптардың кез келген біреуі сақталмаған жағдайда лицензия берілмейді.

31. Ұлттық Банк лицензия беру туралы өтінішті оны барлық тиісті құжаттарымен қоса қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде қарауы тиіс.

Лицензия беру (күшін жою) туралы шешімді Ұлттық Банк Басқармасы қабылдайды.

32. Лицензия шектеусіз мерзімге беріледі, ол атаулы болып табылады және үшінші адамға беруге болмайды.

Ломбардқа банк операцияларын жүргізуге лицензия берілгені туралы шешім Ұлттық Банктің ресми басылымдарында жарияланады.

33. Лицензия берілгені үшін мөлшері мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін алым алынады.

34. Банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы Ереже ломбард клиенттеріне көрінетін жерге орналастырылуы тиіс.

IV. Қабылдау пункттерін ашу тәртібі және пункттердің техникалық дайындығына қойылатын талаптар

35. Ломбард өзінің қабылдау пункттерін (бұдан әрі - пункт) ашуға құқылы.

Пункт - ломбард тұрған жерден тыс жерге орналастырылған, заңды тұлға болып есептелмейтін, ломбардтың құрылымдық бөлімшесі. Ломбард өз пунктiнiң мiндеттемелерi бойынша толық жауап бередi.

Пункттиң ломбардпен бiрдей балансы және ломбардтың атауымен бiрдей атауы, сондай-ақ оған Ұлттық Банк берген номерi болады.

Пункт Ұлттық Банктің (мұндай құқық берiлгенде - оның филиалының) пункт ашуға жазбаша келiсiмi болған жағдайда ломбардтың сенiмхаты негiзiнде жұмыс iстейдi.

36. Пункт банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын банктерде немесе ұйымдарда банктік шот ашуға құқы жоқ.

Пункттиң қызметкерлерi материалдық жауапты адамдар құқын берiле отырып құзырлы органдар арқылы тағайындалады және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап бередi.

37. Ломбард пункт ашу үшін Ұлттық Банкке (мұндай құқық берiлгенде - оның филиалына) пункт ашуға келiсiм беру туралы өтiнiштi және тиiстi дәрежеде куәландырылған пункттиң қызметiн жүзеге асыруға ломбардтың сенiмхатының көшiрмесiн бередi.

38. Ломбардтың пунктiн ашуға келiсiм беру туралы мәселе бiр ай iшiнде қаралуы тиiс.

39. Пункттердiң техникалық дайындығына қойылатын талаптар айырбастау пункттерiне қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

40. Ұлттық Банк (мұндай құқық берiлгенде - оның филиалы) әрбiр пунктти ашуға келiсiм беру туралы шешiмдi ломбард пункттиң қалыпты жұмысын қамтамасыз ету бойынша барлық көзделген ұйымдастыру-техникалық шараларды орындағаннан кейiн қабылдайды.

41. Пункт ашу бойынша хат пен құжаттардың көшiрмесi (өтiнiш, сенiмхат, тексеру актiсi) пункт ашуға келiсiм беру туралы шешiм қабылдаған соң 10 күннiң iшiнде Ұлттық Банкке берiлуi тиiс.

V. Ломбардтың қызметiн ұйымдастыру және реттеу

42. Ломбард өз қызметiн Операциялар жүргiзудiң жалпы ережесi және iшкi ережелерi болғанда ғана жүзеге асыруға құқылы.

43. Операциялар жүргiзудiң жалпы ережесi және iшкi ережелерiн жоғары орган басқармасы бекiтуi тиiс және келесi мәлiметтер мен процедураны қамтуы керек:

а) берiлетiн кредиттердiң шектi сомалары және мерзiмдерi;

б) берілетін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының шекті мөлшері;

в) кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) төлеу шарттары;

г) ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

д) көрсетілетін қызметтер үшін ставкалар мен тарифтер;

е) ломбард пен оның клиентінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігінің басталу шарттары;

ж) кепілдік билетін жоғалтқан жағдайда кепіл берушіге оның көшірмесін беру тәртібі;

з) қажеттілігіне қарай өзге де шарттар.

44. Ломбардтың ішкі ережелерін ломбардтың уәкілетті органдары бекітуі тиіс және:

а) ломбардтың құрылымын, қызметін және ломбардтың құрылымдық бөлімшелерінің (пункттерінің) (егер олар бар болса) өкілеттігін;

б) ломбардтың құрылымдық бөлімшелері (пункттері) (егер олар бар болса) басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

в) ломбардтың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің олар мәмілелерді өз атынан және өз есебінен жүзеге асырған жағдайдағы өкілеттіктерін белгілеуі тиіс.

45. Ломбардтың өз қатысушыларының (акционерлерінің) шешімімен кредит қызметі шығындардың орнын жабу үшін резервтер (провизиялар) қалыптастыруына болады.

46. Ломбардтың құзырлы органының шешімімен кредит комитеті құрылуы мүмкін.

47. Ломбард клиенттермен мәмілені кепіл беруші паспортын немесе жеке басын куәландыратын өзге құжатын көрсеткенде ғана жасайды.

Ломбардтың жылжымайтын мүлікке кепілге кредиттер беруіне құқы жоқ.

48. Ломбардтағы кепілге салынған заттар туралы Шартты ломбард кепілдік куәлігін бере отырып ресімдейді, оның нысанын ломбардтың өзі белгілейді, онда N 5 қосымшада көзделген мәліметтерді міндетті түрде көрсетуі тиіс.

49. Ломбардтың кепілге салынған заттарды пайдалануына және өкімдік жүргізуіне құқы жоқ. Егер ломбард кепілге салынған заттардың жоғалуы немесе бүлінуі дүлей күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, жоғалған және бүлінген заттар үшін жауап береді.

Ломбардтағы мүлік кепілімен қамтамасыз етілген кредит сомасы белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда, ломбард нотариустың орындау жазбасы

негізінде бір ай мұрсат беру мерзімі өтісімен кепілге салынған мүлікті сатуға арналған заңда белгіленген тәртіппен оны сатуға құқылы. Мұнан соң егер тіпті кепілге салынған мүлікті өткізгенде түскен сома оларды толық қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса да ломбардтың борышқор-кепіл берушіге талаптарды шығынға жазылады.

Ломбардқа өткізілген мүліктің кепілдік билеті жоғалған жағдайда, ломбард оның көшірмесін мүлік иесінің жазбаша өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсеткенде береді.

50. Ломбардтар өздері жүргізетін операцияларының есебін шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін белгіленген бекітілген бухгалтерлік есеп стандарттарының тәртібіне сәйкес жүзеге асырады.

Ломбардтың бухгалтерлік есебінің саясатын оның жоғарғы басқару органы белгілейді.

51. Бухгалтерлік және өзге де есептердің тізбесі мен нысандары қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді.

Ломбардтар бухгалтерлік есеп жүргізгенде және есеп жасағанда пайдаланатын құжаттардың қатаң есебін жүргізуді және сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

52. Ломбардтар Ұлттық Банкке тоқсан сайынғы баланс пен қаржылық қорытындылар туралы есепті есеп беріліп отырған тоқсаннан кейінгі айдың сегізінен кешіктірмей, сондай-ақ салық инспекциясы куәландырған бухгалтерлік есепті жыл сайын 1 сәуірден кешіктірмей беруге міндетті. Бухгалтерлік есептен басқа, ломбардтар ай сайын Ұлттық Банкке есеп беріліп отырған айдан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей N 6 Қосымшаның нысаны бойынша мәліметтер беруге міндетті.

53. Ломбардтардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесін бірқалыпты ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк ломбардтарға қатысты ломбард қызметін реттеуді мынадай жолдармен жүзеге асырады:

- ломбардтар орындауға міндетті нормативтік құқық актілерді басып шығару ;

- ломбард қызметін инспекциялау (тексеру);

54. Ломбард қызметін инспекцияларды Ұлттық Банк өзі не басқа ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

Ломбардтар Ұлттық Банктің тексеру үшін көрсеткен тапсырмасына байланысты мәселелер бойынша инспекциялайтын органға көмектесуге, сондай-ақ кез келген лауазымды адамдар мен қызметкерлерден жауап алу және ақпарларды тексеруді орындауға қажетті кез келген құжаттарды алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Ұлттық Банк қызметкерлерінің ломбард қызметін тексеру барысында алған мәліметтерді жариялауына не үшінші адамға беруіне болмайды.

Инспекциялау жүргізуші адамдар ломбард қызметін тексеру барысында алынған және коммерциялық құпиясы бар мәліметтерді жария еткені үшін жауап береді.

IV. Ломбард қызметін шектеу және тоқтату тәртібі

55. Ломбардтың қолданылып жүрген заң нормаларын, осы Ереженің талаптарын және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерін бұзғаны үшін оған санкциялар қолданылуы мүмкін. Ұлттық Банктің ломбардқа санкция ретінде мынадай шараларды қолдануына құқы бар:

а) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген негіздер бойынша айыппұл салу және өндіріп алу;

б) осы Ережемен белгіленген негіздер бойынша лицензияны тоқтату не күшін жою;

в) ломбардтың басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) қолданылып жүрген заң талаптарына сай келмейтіндігін тануға жеткілікті деректер негізінде осы мәселені ломбардтың тиісті органы қарағанға дейін, Байқаушы кеңестің төрағасы мен мүшелерінен басқа, (ломбардты акционерлік қоғам нысанында құрған жағдайда) ломбардтың басшы қызметкерлерін қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету.

56. Барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияларды тоқтату не күшін жою мына төмендегі негіздердің кез келгені бойынша жүргізіледі:

а) ломбард қызметінің барысында осы Ереженің талаптары сақталмаса;

б) жүргізетін операциялары бойынша ломбардтың шарт міндеттемелерін ұдайы (он екі күнтізбелік ай ішінде қатарынан үш және одан да көп рет) тиісті түрде орындамаса;

в) осы Ережеде белгіленген операцияларды жүргізудің жалпы шарттарын ашу бойынша міндеттерін орындамаса;

г) Ұлттық Банкке есеп пен мәліметтерді бермесе немесе олардың дұрыс еместігін біле тұра берсе;

д) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін бұзса не оның жазбаша нұсқауларын орындамаса;

е) ломбардтың осы Ережемен, ломбардтың жарғысымен және лицензиясымен, белгіленген өзінің құқықтық ауқымының шегінен тыс операцияларды жүзеге асырса;

ж) ломбардтың өз қызметін қайта ұйымдастыру не тарату жолымен ерікті

түрде тоқтату туралы шешімі;

з) сот ломбард қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаса.

Ұлттық Банк банк операцияларын жүргізудің бұзылу сипатына қарай оны тоқтатады не оның барлық не жекелеген түрлерін жүргізуге берілген лицензияның күшін жояды. Лицензияның күшін жою банкті қайта тіркеуге немесе қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

57. Ломбардты ашуға берілген рұқсат мынадай негіздердің кез-келгені бойынша қайтарып алынады:

а) заңды тұлғаның ломбард ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде рұқсат беруге негіз болған мәліметтердің жалған екендігі байқалса;

б) заңды тұлға ломбард ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде лицензия алмаса;

в) заңды тұлға ломбард ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде жарияланған жарғылық капиталды төлемесе;

г) ломбард ретінде тіркелген заңды тұлға қолданылып жүрген заңдарда көзделген қызметтің шарттарын бұзса.

Ұлттық банк Басқармасының ломбард ашуға берген рұқсатын қайтарып алуы туралы шешімі заңды тұлғаның қайта тіркелуіне немесе қызметін тоқтатуына негіз болып табылады.

58. Ломбард:

а) Ұлттық Банктің рұқсаты болған жағдайда (ерікті тарату), оның құрылтайшыларының (акционерлерінің) шешімі бойынша;

б) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда (еріксіз тарату), соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

V. Қорытынды ережелер

59. Ломбардты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

60. Ломбард немесе мемлекет өзіне ерекше жауапкершілік алған кездерде болмаса, ломбард мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты, мемлекет те олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Мемлекет ломбардтың міндеттемелері бойынша оның жарғылық капиталына салған қаражаты шегінде жауап береді.

61. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының ломбардтың қызметіне кез келген түрде араласуына тыйым салынады.

62. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

№ 1 қосымша

Ломбард ашуға арналған

Рұқсат

1997 жылғы " __ " _____

№ _____

(ұйымдық-құқықтық нысандары көрсетілген ломбардтың толық атауы)

Орналасқан жері _____

(индекс, облыс, аудан, қала, көше, ғимараттың нөмірі)

Аталған ломбард әділет органдарында осы рұқсат берілген күннен

бастап 1 күнтізбелік жыл ішінде мемлекеттік тіркеуге жатады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдық шараларды аяқтау және банк операцияларының жекелеген түрлерін өткізуге ломбард үй-жайының даярлығын тексеру, _____ теңге сомасындағы жарғылық капитал толық төленгеннен кейін банк операцияларының жекелеген түрлерін өткізуге лицензия беру туралы мәселені қарайтын болады.

Осы рұқсатты ломбард банк операцияларының жекелеген түрлерін өткізуге ломбардқа лицензия берген кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қайтарады.

Ұлттық Банк Төрағасының
орынбасары

№ 2 қосымша

Банк операцияларының жекелеген түрлерін өткізуге

Берілген лицензия

№ _____

Берілген күні _____

Мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі _____

(ломбардтың толық атауы - қазақ тілінде)

(ломбардтың толық атауы - орыс тілінде)

Осы лицензия мынадай банк операцияларын өткізуге құқық береді:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Лицензия шарттарынан туындаған құқық үшінші адамға берілмейді.
Осы лицензия бір-ақ данамен беріледі.

Ұлттық Банк Төрағасының
орынбасары

№ 3 қосымша

Ломбардтың құрылтайшылары туралы
Мәліметтер
(заңды тұлғалар толтырады)

1. Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) деректері _____

(құжаттың түрі, нөмірі, күні, кім бергені көрсетілсін)

2. Орналасқан жері _____
(елі, әкімшілік-аумақтық бірлігі (облыс,

қала), пошта индексі, көшесі, телефоны көрсетілсін)

3. Қызметтің негізгі түрі (атап айту) _____

4. Қазақстан Республикасының резиденті ме, резиденті мес пе
(қажет емесін сызып тастау)

5. Құрылтайшы-резидент еместердің ломбардтың жарғылық қорына
катысуына берілген рұқсат (жеке бетпен қоса берілсін) _____
(құжаттың

түрі, номері, күні көрсетілсін)

6. Ұйым басшысы _____
(Аты-жөні, туған жылы, білімі, бітірген оқу

орны, бітірген жылы)

7. Ұйымда соңғы бес жыл кезеңінде ірі қаржылық проблемалар пайда болды ма, оның ішінде банкроттық, консервация, санация _____

- олардың пайда болу себептері _____

- осы проблемаларды шешу нәтижелері _____

8. Ломбардтың жарғылық капиталына төлемге енгізілген ақша сомасы туралы мәліметтер

Жарна сомасы	Ескерту	(толтырылмайды)
Хабарландыру	Төлегені (толтырылмайды)	
Дата		

Толтырылған күні _____ Мөр _____

№ 4 қосымша

Ломбардтың құрылтайшылары туралы
Мәліметтер
(жеке тұлғалар толтырады)

_____ (Құрылтайшының аты-жөні - орыс тілінде)

1. Туған күні мен жылы _____
2. Туған жері _____
3. Азаматтығы _____
4. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері _____
5. Тұрақты тұратын жері _____

(елі, әкімшілік-аумақтық бірлігі

облыс, қала) пошта индексі, көшесі, телефон көрсетілсін)

6. Жұмыс орны, лауазымы _____

7. Білімі туралы мәліметтер _____

8. Еңбек қызметі туралы мәліметтер _____

9. Жарғылық капиталдың 5 және одан да көп процентін тікелей немесе жанама иеленуші акционер (құрылтайшы) ретінде қатысы бар ұйымды көрсетіңіз:

- ұйымның атауы және орналасқан жері _____

- ұйым қызметінің негізгі түрі _____

- осы ұйымның жарғылық капиталдағы меншік үлесі _____

10. Ломбардтың жарғылық капиталына төлемге енгізілген ақша сомасы туралы мәліметтер

Жарна сомасы	Ескерту	
		(толтырылмайды)

Хабарландыру

<*>

|Төленгені (толтырылмайды) | _____ |

| _____ | _____ |

|Дата | _____ | _____ |

_____ | _____ | _____ | _____ |

_____ | _____ | _____ | _____ |

<*>

. Ескерту. Салық инспекциялары растаған кірістер туралы декларацияны қоса беру қажет.

Толтырылған күні _____

Қолы _____

(ломбард/пункттің атауы) (ломбард/пункттің орналасқан жері)

Кепілдік билеті N _____

1. Кепілдік берушінің аты-жөні _____
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері _____
3. Тұрақты тұратын жері _____
(елі, әкімшілік-аумақтық бірлігі)

(облыс, қала), пошта индексі, көшесі, телефон көрсетілсін)

4. Кепілдіктің атауы мен оның сипаттамасы _____
5. Кепілдікті бағалау сомасы _____
6. Кепілдіктің мерзімі _____
7. Берілген несие сомасы _____
(санмен және жазумен)
8. Берілген несие үшін сыйақы сомасы _____
(санмен және жазумен)

9. Жалпы сома _____
(санмен және жазумен)

10. Несие бергені күні _____

11. Несиені өтеу күні _____

Ломбардтағы мүлік кепілдігімен қамтамасыз етілген кредит сомасын белгіленген мерзімде өтемеген жағдайда, ломбард жеңілдік берілген айлық мерзімі ақталғаннан кейін нотариустың атқару жазбасы негізінде салынған мүлікті сату үшін белгіленген тәртіппен осы мүлікті сатуға құқылы.

Осы кепілдік билеті 2 дана етіп жасалды.

Кепілдік билетінің шарттарымен танысып, бір данасын алдым.

Кепілдік беруші _____

(қолы)

Қабылдаушы _____

(аты-жөні, қолы)

Ломбардтың мөрі

№ 6 қосымша

1997 жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша _____

(ломбардтың атауы)

ломбарды жүргізген несиелік операциялар туралы

МӘЛІМЕТТЕР

Қамтамасыз ету түрі	Сома (теңге)		
	кепілдік берілген алынған		
	бағасы кредиттер сыйақылар		
	тек қымбат		
	металдар бар		
Зергерлік			
бұйымдар,	мұның да құрамында		
құрамында:	асыл тастар бар		
Бағалы қағаздар			
Ауди, бейне және тұрмыстық			
техника			
Басқа да жылжымалы мүлік			

Ломбард директоры _____

Бас бухгалтер _____

Мөр